

## Тасқала ауданының елді мекен аумақтарында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 25 сәуірдегі № 66 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 мамырда № 7161-07 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Тасқала ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Тасқала ауданының елді мекен аумақтарында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. "Тасқала ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің міндетін атқарушы*

*Т. Шакиров*

қаулысына қосымша

## Тасқала ауданының елді мекен аумақтарында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Стационарлық емес сауда объектілерінің орналасқан жері	Алатын алаңы ( шаршы метр)	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Қызмет саласы	Жақын маңдағы инфрақұрылым ( тауарлардың ұ қ с а с ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1	Ақтау ауылы, Ю.Гагарин	15	5 жыл		

	көшесі, 19 үйге қарама-қарсы			Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	ЖК "Длимова" дүкені
2	Амангелді ауылы, Астана көшесі, Амангелді ауылдық мәдениет үйіне қарама-қарсы	15	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Шарип" дүкені, шаруашылық дүкені
3	Атамекен ауылы, Бейбітшілік пен Жеңіс көшелерінің қиылысы	15	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Сұлтан" дүкені
4	Достық ауылы, Сапашев көшесі, 5	15	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Алимжан" дүкені
5	Мерей ауылы, Д. Қонаев көшесі, 1А "Эльдар" дүкеніне қарама-қарсы	6	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Эльдар" дүкені
6	Мереке ауылы, Ақжігітов көшесі, 20А, 27 үйге қарама-қарсы	15	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	ЖК "Курмашева В." дүкені, "Айлана" дүкені
7	Оян ауылы, Н.Сарсенбаев көшесі, Оян ауылы Фельдшерлік акушерлік пункті ғимаратының оң жағы	20	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	Жок
8	2-Шежін ауылы, Юбилейная көшесі, 24 "Шежін ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында	100	5 жыл	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	"Алтынай" дүкені

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖК – жеке кәсіпкер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК